**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 320-III Заңы

Ескерту. Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

**1-бап** . Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 24, 338-құжат; 2002 ж., N 23-24, 192-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139, 142-құжаттар; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; 2006 ж., N 11, 55-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат):

1) 7-баптың 2-тармағындағы "орта" деген сөз "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 104-баптың 1-тармағындағы "бастапқы кәсіптік" деген сөздер "техникалық және кәсіптік" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 108-бапта:

тақырыбындағы және мәтініндегі "орта" деген сөз тиісінше "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "орта білім алуға" деген сөздер "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 125-баптың 4-тармағындағы "жоғары және орта кәсіптік білім беру мекемелерінде" деген сөздер "жоғары және орта білімнен кейінгі ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 137-баптың 3-тармағындағы "орта" деген сөз "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта " деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-

құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат, N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар; N 23, 141-құжат, 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33 -құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; 2007 жылғы 22 маусымда " Егемен Қазақстан" және 2007 жылғы 21 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2007 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сотқа құрметтемеушілік білдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) мынадай мазмұндағы 20-1-тараумен толықтырылсын:

"20-1-тарау. Білім беру саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық

311-1-бап. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын бұзу

1. Педагог қызметкердің міндеттерін және педагогтік әдеп нормаларын орындамауы немесе тиісінше орындамауы, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Білім беру ұйымы басшысының немесе өзге де лауазымды адамының міндеттеріне ұқыпсыз немесе адал қарамауының салдарынан оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл оқыту және тәрбиелеу процесінде білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің, білім алушылары мен қызметкерлерінің денсаулығына жеңіл нұқсан келтірсе, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Лицензиаттың білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережелерін, білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережелерін, білім алушыларды ауыстыру және оқуына қайта қабылдау ережелерін бұзуы, -

лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, лауазымды адамдарға - айлық есептік

көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі, заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құру және олардың қызметі, -

лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Берілетін білім беру қызметтерінің білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес келмеуі, сондай-ақ білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын өзгеше бұзу, -

лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Осы баптың бірінші-алтыншы бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), -

лицензиядан айырып, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің - оннан он беске дейінгі, лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 357-2-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Лицензиаттың лицензия алған кезде көрінеу дұрыс емес ақпарат беруі, сол сияқты осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), сондай-ақ лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан кейін әкімшілік жауаптылыққа әкеп соққан лицензиялық ережелер мен нормалардың бұзылуын жоймау - ";

3) 541-бапта "309-2 (төртінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "311-1 (жетінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 576-5-баппен толықтырылсын:

"576-5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті орган

1. Білім беру саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 311-1 (бірінші-алтыншы бөліктер), 357-2 (бірінші бөлік) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға білім беру саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары, білім беру саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары және олардың орынбасарлары құқылы.";

5) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының қырық бесінші абзацындағы "оған уәкілетті лауазымды адамдары" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы

қырық алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"білім беру саласындағы уәкілетті органның (311-1 (жетінші бөлігі), 356, 357-1-баптар) соған уәкілетті лауазымды адамдары;".

3. 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж ., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11 , 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45, 46-құжаттар; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 77, 79-құжат; N 13, 85-құжат; N 16, 97, 98, 103-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20-құжат; N 4, 33-құжат; N 5-6, 37, 40-құжаттар; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; 2007 жылғы 22 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2007 жылғы 21 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2007 жылғы 10 шілдеде "Егемен Қазақстан" және " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) 90-1-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру; қосымша білім беру; қайта даярлау және біліктілікті арттыру саласындағы қызметті;";

2) 121-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында:

"негізгі, орта, жалпы білім беру; бастауыш, орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік" деген сөздер "негізгі орта, жалпы орта білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жалпы және кәсіптік" деген сөздер алып тасталсын;

3) 231-баптың 2) тармақшасындағы "негізгі, орта, қосымша жалпы білім беру; бастауыш, орта" деген сөздер "негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 371-баптың 4-тармағының 6) тармақшасында:

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен балаларға арналған қосымша білім беру

ұйымдарының";

он жетінші абзацтағы "білім беру" деген сөздер "жалпы білім берудің оқу" деген сөздермен ауыстырылсын;

он сегізінші абзацтағы "жалпы бастауыш, негізгі жалпы немесе жалпы орта, кәсіптік бастауыш, оның ішінде кәсіптер бойынша, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік" деген сөздер "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; 11, 55-құжат; N 12, 79, 83-құжаттар; N 16, 97-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; 2007 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 105-баптың 3-тармағының 1) тармақшасындағы "мектепке дейінгі балалар мекемелерін" деген сөздер "мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 107-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы "жалпы білім беру, арнаулы орта" деген сөздер "мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., 8-9, 53-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж,. N 14, 55-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 8, 45-құжат; N 12, 77, 79-құжаттар; N 13, 86-құжат; N 16, 97-құжат; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16-құжат; N 4, 28-құжат; 2007 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 50-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында:

төртінші абзацтағы "орта кәсіптік" деген сөздер "орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "кәсіптік" деген сөз алып тасталсын;

2) 51-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"техникалық және кәсіптік білім беру;";

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"орта білімнен кейінгі білім беру;";

3) 52-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында:
үшінші абзацтағы "азаматтарға міндетті тегін орта" деген сөз "тегін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын, "арқылы міндетті тегін орта" деген сөздер "арқылы жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;
"(ауысымдық)" деген сөз алып тасталсын;
жетінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:
"техникалық және кәсіптік білім беру;
орта білімнен кейінгі білім беру;";
4) 53-баптың 1-тармағы 3) тармақшасының үшінші абзацындағы "арқылы міндетті тегін орта" деген сөздер "жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын, "азаматтарға міндетті тегін орта" деген сөздер "азаматтарға міндетті тегін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;
"(ауысымдық)" деген сөз алып тасталсын.
6. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 1, 1-құжат):
183-баптың 4-тармағында "Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы" деген сөздер "білім беру саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.
7. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 9, 65-құжат):
1) 30-баптың 2-тармағының 1) тармақшасында:
"жалпы білім беретін оқу орнында орта білім" деген сөздер "орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім" деген сөздермен ауыстырылсын;
2) 36-баптың 5-тармағының үшінші абзацындағы "орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерін" деген сөздер "орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымын " деген сөздермен ауыстырылсын;
3) 140-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында:
"бастауыш, орта" деген сөздер "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;
"кәсіптік" деген сөз алып тасталсын;
4) 182-баптың 3-тармағындағы "Жалпы білім беру ұйымдарын және бастауыш кәсіптік білім берудің білім беру ұйымдарын" деген сөздер "Орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;
5) 322-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"1) техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарында оқитын, кәсіптік практикадан өтіп жүрген адамдардың;".
8. "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының

Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 348-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 21, 274-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; 2004 ж., N 24, 150-құжат):

"19-бапта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары";

4) тармақшадағы "жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарына " деген сөздер "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына," деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат ; N 18, 429-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 22, 133-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 920-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2003 ж., N 15, 135-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат):

15-баптың үшінші бөлігіндегі "орта кәсіби, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби және қосымша кәсіби" деген сөздер "орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 45-құжат; N 14, 98-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1999 ж., 8, 247-құжат; N 23, 925-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 10, 69-құжат):

1) 14-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.";

2) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жалпы белгіленген стипендия мөлшерінен 50 процентке жоғары мөлшерде стипендия төленеді.";

3) 16-баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде квота беріледі;".

11. "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 жылғы, N 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 2001 ж., N 8, 50, 54-құжат; N 21-22, 285-құжат; 2006 ж., N 5-6, 31-құжат; 2007 ж., N 3, 23-құжат):

10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Білім алу

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алуына, егер олар осындай деңгейдегі әрбір білімді бірінші рет алып тұрса, құқық беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуына құқық Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Білім беру ұйымдарына қабылданған шетелдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтарына ие болады және міндеттерін мойнына алады.".

12. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 143-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 366-құжат; 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 782-құжат; 2001 ж., N 10, 121-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., 15, 131-құжат; 2007 ж., N 10, 69-құжат):

31-баптағы "халыққа" деген сөз алып тасталсын.".

13. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 8, 52-құжат; N 9, 67-құжат):

34-баптың бірінші абзацындағы "мекемелерінде" деген сөз "ұйымдарында" деген сөзбен ауыстырылсын.".

14. "Прокуратура туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат):

48-баптың 2-тармағындағы "және білім беру мекемелерінің" деген сөздер " ұйымдардың және білім беру ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.".

15. "Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 6, 72-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат):

17-баптың 2-тармағындағы "арнаулы орта" деген сөздер "орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын.

16. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 237-құжат; 2004 ж., N 17, 100-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат):

20-баптың 3) тармақшасындағы "білім беру мекемелері" деген сөздер "білім беру ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын.".

17. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж,. N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 8, 52-құжат):

17-баптың екінші бөлігінде "кәсіптік-техникалық, орта арнаулы" деген сөздер "орта

білімнен кейінгі" деген, "даярлау мекемелерінде" деген сөздер "даярлау ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 карашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; N 24, 177-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; 10, 69-құжат):

1) 9-4-баптың бірінші бөлігінде:

"кәсіптік" деген сөз алып тасталсын;

"орталық атқарушы" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 19-баптың екінші бөлігіндегі "кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары білім беру, кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау мекемелерінде" деген сөздер "орта білімнен кейінгі, арнаулы орта және жоғары білім беру, кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" 1997 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 69-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 8, 187-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 9, 67-құжат):

9-баптың 2-тармағындағы "білім беру мекемелерінде" деген сөздер "білім беру ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 1-2, 13-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 157-құжат; 2005 ж., N 235, 98-құжат; 2006 ж., N 12, 69-құжат; 2007 ж., N 10, 69-құжат):

13-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Он сегіз жастан асқан білім алушы азаматтардың асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша күндізгі оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ жиырма үш жастан аспайтын шекте жәрдемақы алуға құқығы бар.".

21. "Сот приставтары туралы" 1997 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 201-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; 2004 ж., 23, 142-құжат; 2006 ж., N 11, 55-құжат; 2007 ж.

, N 8, 52-құжат):

6-баптың 1-тармағындағы "(арнаулы орта)" деген сөздер ("орта білімнен кейінгі") деген сөздермен ауыстырылсын.

22. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 202-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 10, 52-құжат):

1) 3-тараудың тақырыбы мемлекеттік тілде өзгеріссіз қалады;

2) 16-бапта:

тақырыбындағы өзгерістің мемлекеттік тілдегі нұсқасына қатысы жоқ;

бірінші бөліктегі "мекемелерін" деген сөз "ұйымдарын" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"орта, арнаулы орта және жоғары" деген сөздер "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік те, мемлекеттік емес те оқу орындарында" деген сөздер "Білім беру ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 17-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мемлекеттік тілде өзгеріссіз қалады.

23. "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 341-құжат; 2001 ж., N 8, 50-құжат; N 21-22, 285-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 6, 76-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 3, 23-құжат):

29-2-баптың 2) тармақшасының екінші абзацындағы "орта кәсіптік және жоғары кәсіптік" деген сөздер "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 13, 195-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 23, 922-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 24, 153-құжат; 2006 ж., N 11, 55-құжат; 2007 ж., N 4, 28-құжат; N 5-6, 40-құжат; N 10, 69-құжат;):

83-баптың 1-тармағындағы "арнаулы орта" деген сөздер "орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. "Неке және отбасы туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 23, 430-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 11, 5-құжат; 2007 ж., N 3, 20-құжат; N 9, 67-құжат):

71-баптың 3-тармағындағы "мектепке дейінгі мекемелер, жалпы білім беретін"

деген сөздер "мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беретін ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

101-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "мектепке дейінгі білім беру, жалпы білім беру" деген сөздер "мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беретін ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 448-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат; 2004 ж., N 23, 140, 142-құжаттар; 2007 ж., 2, 18-құжат):

12-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) білім беру ұйымдарының;".

27. "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 102-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2004 ж., N 6, 41-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 9, 67-құжат):

12-бапта:

тақырыбында және бірінші абзацында "Экономика," деген сөзден кейін "білім," деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 36) тармақшамен толықтырылсын:

"36) бюджет қаражаттары есебінен өткізілетін ұлттық бірыңғай тестілеуді, кешенді тестілеу мен тестілеудің басқа да түрлерін өткізу кезінде пайдаланылатын тестілердің мазмұнын және олардың дұрыс жауаптарының кодтарын ашатын мәліметтер.";

20-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңның 12-бабының 36) тармақшасында көзделген мәліметтерді құпияландыру мерзімі жыл сайын тестілердің мазмұнын және оларға дұрыс жауаптардың кодтарын қалыптастыру сәтінен бастап тестілеу рәсімі аяқталғанға дейін белгіленеді.".

28. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат; 2000 ж., N 23, 411-құжат; 2001 ж., N 2, 14-құжат; 2002 ж., 6, 71-құжат; 2004 ж., N 24, 157-құжат; 2005 ж., N 23, 98-құжат; 2006 ж., 12, 69-құжат):

1) 4-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (бірақ әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін);";

2) 7-баптың 12-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"12-1) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасыларға балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (бірақ әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін) - 3,9 айлық есептік көрсеткіш;".

29. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1065-құжат; 2003 ж., N 15, 129-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 13, 86-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 10, 69-құжат):

28-баптың 2-тармағындағы "жоғары немесе арнаулы орта оқу орнын бітірген" деген сөздерден кейін "жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі бар" деген сөздермен ауыстырылсын.

30. "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 21, 385-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағындағы, 2-баптың 1-тармағындағы, 3-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы, 7-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі, 16-баптың 1-тармағындағы "жалпы және кәсіптік" деген сөздер "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 18-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі:

"білім беру мекемелері" деген сөздер "білім беру ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"орта" деген сөз "бастауыш, негізгі орта және жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 36-баптың 3-тармағындағы "кәсіби" деген сөз "техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі немесе жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын.

31. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 144-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 13, 86, 87-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 99-құжат; N 18, 113-құжат; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 14-құжат; N 10, 69-құжат; 2007 жылғы 22 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2007 жылғы 21 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) 31-баптың 1-тармағының 19) тармақшасындағы "орта" деген сөз "бастауыш, негізгі орта және жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 33-баптың 1-тармағының 8) тармақшасындағы "мектепке дейінгі, орта, бастауыш кәсіптік білім беру мекемелеріне" деген сөздер "мектепке дейінгі ұйымдарға, бастауыш , негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарына (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда)" деген сөздермен ауыстырылсын.

32. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-құжат; 2004 ж., N 2, 10-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; N 17-18, 76-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 10, 52-құжат; 2007 ж., N 2, 14, 18-құжаттар; N 3, 20-құжат; N 8, 52-құжат; N 9, 67-құжат):

1) 1-баптың 20) тармақшасындағы "магистратура мен аспирантураны" деген сөздер "магистратураны" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 1-тармағының 2-1) тармақшасындағы "бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын" деген сөздер "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "жоғары және орта кәсіптік" деген сөздер "орта білімнен кейінгі және жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын.

33. "Ғылым туралы" 2001 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 15-16, 226-құжат; 2004 ж ., N 23, 142-құжат; 2006 ж., 15, 92-құжат):

1) 1-бапта:

14) тармақшадағы "ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелерін," деген сөздер "магистрдің, философия докторының (PhD), бейіні бойынша доктордың академиялық дәрежелерін," деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшада "ғылым кандидаты немесе ғылыми докторы ғылыми дәрежесін" деген сөздер "магистрдің немесе философия докторының (PhD) немесе бейіні бойынша доктордың академиялық дәрежесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 2-тармағындағы "Орта кәсіптік немесе жоғары кәсіби" деген сөздер " Орта білімнен кейінгі немесе жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6-бапта:

4-тармақтағы "ғылым кандидаты" деген сөздерден кейін ",философия докторы (PhD )" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "ғылым кандидаттарына" деген сөздерден кейін "және философия докторларына (PhD)" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 17-баптың 7-3) тармақшасындағы "ғылым кандидаттарына, ғылым докторларына, " деген сөздер алып тасталсын;

5) 18-баптың 5), 6), 7), 13), 15) тармақшалары алып тасталсын;

6) 28-баптың 2-тармағындағы "Нысаналы аспирантураға" деген сөздер " Магистратураға" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 29-бапта "аспирантура" деген сөз "магистратура" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың академиялық дәрежелер мен ғылыми атақтар алуларына құқықтары бар.

Жоғары білікті ғылыми және педагог кадрларды мемлекеттік аттестаттаудан өткізу, академиялық дәрежелер беру және оларға ғылыми атақтар беру тәртібін ғылым саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Академиялық дәреже берілген немесе ғылыми атақ берілген адамдарға нысанын Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Шет мемлекеттер берген академиялық, ғылыми дәрежелерді беру немесе ғылыми атақтарды беру туралы құжаттарды Қазақстан Республикасында тану ғылым саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.".

34. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 247-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 3, 20-құжат; N 10, 69-құжат):

2-баптың 1-тармағының екінші абзацындағы "магистратура мен аспирантураны" деген сөздер "магистратураны" деген сөзбен ауыстырылсын.

35. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 51-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 9, 49-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат):

25-баптың 5-тармағындағы "жалпы орта" деген сөздер "бастауыш, негізгі орта және жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын.

36. "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" 2002 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 7-8, 77-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат):

12-баптың 3-тармағының екінші абзацындағы "орта кәсіптік" деген сөздер "орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын.

37. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат ; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат):

13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жоғары, орта оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіби ветеринариялық білімі бар адамдардың ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы бар.".

38. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 152-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 4-баптың 4) тармақшасындағы "мектепке дейінгі арнаулы" деген сөздерден кейін "тәрбие мен оқытудың" деген сөздермен толықтырылсын; 6-баптың 1) тармақшасындағы "арнаулы мектепке дейінгі" деген сөздер "мектепке дейінгі арнаулы тәрбие мен оқытудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жалпы" деген сөз "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 4-тармағының 4) тармақшасындағы "кәсіби" деген сөз "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлігіндегі:

"мектепке дейінгі білімді" деген сөздер "мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жалпы" деген сөздер тиісінше "орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "үйде" деген сөзден кейін "жеке және тегін" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 14-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кемтар балаларға техникалық және кәсіптік білім беру арнаулы білім беру ұйымдарында, арнаулы түзеу ұйымдарында жүзеге асырылады.";

5) 15-бапта:

1-тармақта:

5) тармақшадағы "тегін" деген сөзден кейін "мектепалды және жалпы орта" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақшадағы "кәсіптік" деген сөз "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "гранттары мен кредиттерін" деген сөздер "гранттарын" деген сөзбен ауыстырылсын.

39. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 17, 154-құжат; 2004 ж., 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат):

1) 15-бапта:

1-тармақтағы "орта білім, бастапқы кәсіби", "орта кәсіби және жоғары кәсіби" деген сөздер тиісінше "бастауыш, негізгі орта және жалпы орта", "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "бастапқы кәсіби" деген сөздер "техникалық және кәсіптік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 18-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "жалпы орта және бастапқы кәсіптік", "орта және жоғары кәсіптік" деген сөздер тиісінше "бастауыш, негізгі орта және жалпы орта", "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын.

40. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 21, 176-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 15, 92-құжат):

10-баптың 5-тармағында "арнаулы" деген сөз алып тасталсын.

41. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 9, 41-құжат; 2004 ж., N 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 3, 20-құжат):

22-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "жалпы орта, бастауыш кәсіби білім беретін оқу орындарының орта кәсіби және жоғары кәсіби білім беретін күндізгі оқу нысанында" деген сөздер "орта білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында" деген сөздермен ауыстырылсын.

42. "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 70-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 15, 92-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат):

1) 1-баптың 16) тармақшасындағы "орта кәсіби" деген сөздер "орта білімнен кейінгі " деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 46-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "ғылым кандидаты мен" деген сөздер "ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) және" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 48-бапта:

3-тармақтағы "орта" деген сөз "орта оқу білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білім беру резидентураны, магистратураны және докторантураны қамтиды. Резидентурада оқыту ережелерін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

5-тармақта:

"Денсаулық" деген сөздің алдынан "5." деген цифрмен толықтырылып, "орта" деген сөз "орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кәсіби" деген сөз алып тасталсын;

4) 49-бапта:

1-тармақтағы "орта" деген сөз "орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта ", ординатурадағы, аспирантурадағы" деген сөздер алып тасталсын.

43. "Дәрілік заттар туралы" 2004 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 2, 8-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 15, 92-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат):

3-баптың 7) тармақшасындағы "кәсіби" деген сөз алып тасталсын.

44. "Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы" 2004 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 13, 73-құжат; 2006 ж., N 15, 92-құжат):

7-баптың 8) тармақшасындағы және 11-баптың үшінші бөлігіндегі "орталық атқарушы" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын.

45. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 88-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 23, 141-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат):

17-баптың 9) тармақшасының төртінші абзацындағы "орта кәсіптік" деген сөздер "орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын.

46. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 16, 95-құжат; 2007 ж., N 10, 69-құжат):

1) 5-баптың 5) тармақшасындағы "тегін орта" деген сөздер "тегін негізгі орта, жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-бапта:

2) тармақшадағы "жалпы орта білім және бастауыш кәсіптік", "тегін жоғары және орта кәсіптік" деген сөздер тиісінше "негізгі орта, жалпы орта", "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында" деген сөздер "орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "мемлекеттік білім кредиті мен студенттік кредитті" деген сөздер " білім беру грантын" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы "кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін" деген сөздер " техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 4-тармағының 1) тармақшасындағы "бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік, жоғары кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік және қосымша кәсіптік білім беруді" деген сөздер "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-баптың 2-тармағында:

2) тармақшадағы "студенттер мен оқушылар" деген сөздер "білім алушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "орта кәсіптік" деген сөздер "орта білімнен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 11-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "мемлекеттік білім гранттары мен мемлекеттік білім кредиттерін" деген сөздер "білім беру гранттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "жалпы білім беретін мектептерде" деген сөздер "орта білім беретін ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылсын.

47. "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 18, 105-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат):

13-баптың 1-тармағындағы "орта" деген сөз "бастауыш, негізгі орта және жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын.

48. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 7-8, 18-құжат; 2006 ж., N 15, 92-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат):

29-бапта:

1-тармақтағы "жалпы орта" деген сөздер "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарына" деген сөздер тиісінше "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "гранттары мен несиелерін" деген сөздер "гранттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік оқу орындарында оқитын, білім беру ұйымдарында" деген сөздер тиісінше "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "орта" деген сөздің алдындағы "жалпы" деген сөз алып тасталсын.

49. "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 14, 60-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат):

1) 1-баптың 13) тармақшасындағы "жалпы орта, бастауыш және кәсіптік орта" деген сөздер "жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын";

2) 10-баптың 2-тармағында:

3) тармақшадағы мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

4) тармақшадағы "кәсіптік" деген сөз алып тасталсын;

3) 11-бапта:

1-тармақтағы "жалпы орта, бастауыш кәсіби және орта кәсіби" деген сөздер "жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "орталық атқарушы" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 13-баптың 1-тармағындағы "жалпы орта, бастауыш кәсіби және орта кәсіби білім беру" деген сөздер "жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 14-баптың тақырыбындағы және 1-тармағындағы "кәсіби" деген сөз алып тасталсын;

6) 27-бапта:

3-тармақтағы:

1) тармақшадағы "орта жалпы" деген сөздер "жалпы орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "бастапқы кәсіптік, орта кәсіптік немесе жоғары кәсіптік" деген сөздер "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың 1) тармақшасындағы "орта кәсіптік немесе жоғары кәсіптік" деген сөздер "орта білімнен кейінгі немесе жоғары" деген сөздермен ауыстырылсын.

50. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 10-құжат):

23-бапта:

бірінші бөлік алып тасталсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензияның болуы білім беру қызметінің мынадай кіші түрлерімен айналысу үшін талап етіледі:";

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің, оның ішінде кәсіптер бойынша, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, оның ішінде мамандықтар бойынша негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметі;".

51. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 18-құжат):

1-баптың 33-тармағы алып тасталсын.

**2-бап** . Осы Заң, 2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 2 -тармағын, 3-тармағының 2) және 4) тармақшаларын және 50-тармағын; 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 5-тармағын; 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 33-тармағының 1), 5), 8) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК